

2024-2025 оқу жылы бойынша дарынды балалармен 1 жарты жылдықта жүргізілген жұмыс есебі.

Аудандық білім бөлімі әдіскері берген жұмыс жоспары бойынша, 2024-2025 оқу жылына дарынды балаларға арналып жұмыс жоспары жасалды.

Мақсаты:

1. Оқушылардың әр түрлі ғылымға құштарлығын, қызығушылығын арттыру.
2. Білім алушылардың ғылыми, ғылыми-көпшілік әдебиеттермен жұмыс істей білу қабілетін дамыту
3. Білімге, ғылымға, өз бетінше ізденуге деген тұрақты мотивациясын қалыптастыру. мамандық таңдау жолында бағыт-бағдар беру
4. Болашаққа нақты және анық мақсат-міндеттер қоя білу
5. Оқушылардың зерттеушілік қабілеттерін дамыту, өзін-өзі жетілдіруге ішкі қажеттіліктерін қалыптастыру
6. Қоршаған ортаға гуманистік көзқарастарын, қарым-қатынасын қалыптастыру, эстетикалық деңгейін көтеру
7. Логикалық ой-өрісі, ойлау қабілетін жоғары дәрежеге жеткізу.


Жылдағыдай пән мұғалімдерінің және мектеп психологы Китегулов Г.Б. мен пән мұғалімдерінің көмегімен дарынды оқушылар қоры анықталып толтырылды. Бастауыш класс оқушыларынан - 3, 5-9 класс аралығынан 5 оқушы дараланып, дарынды деп танылып, оларға арнап әр жетекші жұмыс жоспарын жасап, бекітілді. Мәнерлеп оқу бойынша, кіші олимпиада, пәндік олимпиада қоры жинақталды.

«Жас дарын», «Зерде», КҒА бойынша дайындалып жатқан оқушылардың жұмысы қаралып, пысықталды.


Оқушылар шығармашылық және интеллектуалдық конкурстардан жеткілікті орындарға ие болды. Математика пәні бойынша өткен «Алтын сақа» математикалық олимпиадасына 3-4 класс бойынша А.Ақылбекова белсене қатысып, 1 дәрежелі диплом алды. Жетекшісі Ж.Казиева. 5-6 класс бойынша Мағауия Ералы қатысып, 3 дәрежелі диплом алды. Аудандық 5-6 сынып олимпиадасына 6 сынып оқушысы Яқия Ж. тарих пәнінен қатысып, 2-орын алды. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен Дүйсен А. қатысып, 3-орын алды. 5-сыныптан Изар Е. ағылшын тілінен қатысып, 3-орын алды. Аудандық пәндік олимпиадаға 9-сыныптан 2 оқушы қатысты. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен Мағауия Д. ағылшын тілінен Сейт Әйгерім қатысып мақтау қағазымен марапатталды. Аудандық «Зерде» зерттеу жобалар конкурсына 4 оқушы қатысты. 6-сыныптан Сағын М. Мағауия Е қатысып, 3-орын алды. 7-сынып оқушылары Орынбасар Н. Яқия М. 2-орынмен марапатталды. Аудандық 7-8 сынып олимпиадасына 7-сынып оқушысы Орынбасар Н. тарих пәнінен 8-сынып оқушысы Кенжетайқы Д. С. казак тілі мен әдебиеті пәнінен қатысып 2-дәрежелі дипломмен марапатталды.

Мектеп директоры *М.А. А.Б. Иббусинова*







0000
Samsung Quad Camera
СНЯТО НА Galaxy A51




0000
Samsung Quad Camera
СНЯТО НА Galaxy A51



0000
Samsung Quad Camera
СНЯТО НА Galaxy A51





АЛТЫН
сақа

